



НЕ ҚАЛА ЕМЕС,
НЕ ДАЛА ЕМЕС...

6-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



АЖЫРАСУ КӨБЕЙСЕ,
ҚҰНДЫЛЫҚТАР
ҚҰЛДЫРАЙДЫ

7-БЕТ | ҚОҒАМ



ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН

САЙЛАУ

www.election.gov.kz

№30
(4463)

Сейсенбі
14 наурыз
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ОРАЗА ҚАШАН БАСТАЛАДЫ?

Биыл қасиетті Рамазан айы
2023 жылдың 23 наурыз күні
басталады.

Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасы 2023 жылғы діни күндер
кестесін бекітті.

Кестеге сәйкес, қасиетті Рамазан
айы 23 наурызда басталып, 30 күнге
ұласады. Қадір түні 17 сәуірден 18
сәуірге қараған түнге түседі. Ораза
айт 21 сәуір күні болады.

Ал Құрбан айт мерекесі 28 мау-
сымда басталады.

ТАРИХИ ОТАНЫМЕН ТАБЫСТЫ

1991 жылдан бері елімізге ше-
телдерден 1 миллион 110,1 мың
этникалық қазақ оралды.

Ал биыл жыл басынан бері 1 наурыз-
дағы жағдай бойынша 3 134 этникалық
қазақтар тарихи отанымен табысып,
қандас мәртебесін алды.

Биыл Қазақстанға келген қандастардың
жартысы, яғни 50 пайыздан астамы –
Өзбекстаннан, 16,3 пайызы – Қытайдан,
15,9 пайызы – Ресейден, 8,4 пайызы –
Түрікменстаннан, 4,5 пайызы – Моңғо-
лиядан және 4,9 пайызы басқа елдерден
қоныс аударды.

Келген этникалық қазақтар, негізінен,
Алматы (27%), Маңғыстау (16,6%),
Түркістан (7,1%) және Жамбыл (3,6%)
облыстарына, сондай-ақ Астана (10,5%),
Алматы (7,6%) және Шымкент (6,5%)
қалаларына көшіп келді.

ПОЛИЦИЯ ХАЛЫҚҚА ЕСЕП БЕРЕДІ

Астана қаласы Полиция департа-
ментінің бастығы Марат Төлебаев
халықпен есеп беру кездесуін
өткізеді.

«15 наурызда сағат 10.30-да Астана
қаласы, Орынбор көшесі, 9, мекенжайы
бойынша орналасқан Есіл ауданы По-
лиция басқармасының ғимаратында
Полиция департаментінің бастығы,
полиция генерал-майоры Марат Төле-
баевтың халық алдындағы есепті кездесуі
өтеді» делінген хабарламада.

@police_astana Инстаграм парақша-
сы арқылы жүргізілетін тікелей эфирде
жолдауға және кездесудің көрсетілімін
қарауға болады.



Фото - Василий Крась

3

«ЖАСЫЛ МЕКТЕП» ҮЙРЕТЕРІ – ЕҢБЕК

Елімізде «Жасыл ел» мемлекеттік бағдарламасы аясында мектеп оқушылары мен студенттердің экомәдениетін қалыптастырып, қоршаған ортаны аялау мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Осы бағытта Астана қаласында бірқатар жобалар жүзеге асырылады. Солардың бірі – «Жасыл мектеп» жобасы. Бүгінгі таңда Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен 20 білім беру ұйымында жоба жұмысы жүзеге асырылады. Жемісті жобаның ерекшелігі – жыл бойы жұмыс істейді.

АЛАКӨЛГЕ «ТАЛҒО» АПАРАДЫ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ «Астана-Достық» бағыты бойынша «Талғо» пойызының іске қосылатынын хабарлады.

2023 жылы Астана, Алматы қалаларынан, Шығыс Қазақстан мен Абай облыстарынан Алакөл бағытында 11 маршрут қызметін жалғастырады. Өткен жылы теміржол көлігімен Алакөл жағалауына 243 мың жолаушы жеткізілді. Биыл жолаушыларға арналған орын саны 6 пайызға артып, 276 мыңға

жетеді деп жоспарлануда.

Туроператорлар үшін коммерциялық пойыз билеттерін ерте брондау тәртібі бар. Яғни, пойыз жөнелтілгенге дейін 180 күн бұрын тапсырыс бере алады.



МҰҒАЛІМ КҮНІ – 5 ҚАЗАН

Қазақстанда мерекелік күндердің қатарына тағы екі мереке қосылды. Бұл туралы Премьер-министрдің ресми сайтында жарияланды.

Мұғалім күні – 5 қазан, Қорғаныс өнеркәсібі қызметкерлері күні – 6 қазан. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 471.85 \$ USD/KZT 445.98 ₪ RUB/KZT 5.87 ¥ CNY/KZT 63.38

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ТҰРАҚТЫЛЫҚ БАР ЖЕРДЕ ҒАНА ӨРКЕНДЕУ БОЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министрдің, мемлекеттік органдар басшыларының, облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары әкімдерінің қатысуымен кеңес өткізді. Жиында ел өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселелер қарастырылды. Қазақстан халқына Жолдауында айтылған міндеттердің іске асырылуына және Президенттің бұған дейін берген тапсырмаларының орындалуына ерекше назар аударылды.

Президент елімізде жан-жақты саяси жаңғыру процесі жүріп жатқанын атап өтті. «Оның бағыт-бағдарын бытыр наурыз айындағы Жолдауда айқындап алдық. Еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Бір жылдың ішінде ауқымды реформаларды жүзеге асырдық. Билік жүйесін жаңа талапқа сай жаңғырту үшін бірнеше саяси науқан өткіздік. Маңызды мәселелерді талқылау үшін Ұлттық құрылтайды құрдық. Мемлекеттігіміздің тұғырын және ел бірлігін нығайтатын жаңа идеологиялық тұжырымдар ұсындық. Наурыз мейрамын жаңаша атап өте бастадық. Республика күнін қайта жаңғырту тарихи қадам болды» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар ел ішінде ғана емес, шетелдерде де талқыланып жатыр. «Біздің болашағымыз – айқын, нақты жоспарымыз бар. Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы – билік институттарын жаңарту жұмысының қорытынды кезеңі. Осылайша, билік жан-жақты реформаларды жалғастыру үшін жаңа сенім мандатына ие болады. Елімізді дамыту жолында тың бастамалар көтеріп, оны табысты жүзеге асыру – басты міндет. Қазір жетістікке мәз болып отыратын заман емес. Жұмысты тың қарқынмен жалғастыру керек» деді Президент.

Мемлекет басшысы қоғамдық тұрақтылықты сақтау мәселесіне баса мән беру керек екенін айтты. «Елімізді дамыту үшін саяси жүйені ғана жаңғырту жеткіліксіз. Реформалар, ең алдымен, ел мүддесіне және әр адамның құқығына басымдық беріледі. Геосаяси ахуал ушыққан кезде мемлекеттің және азаматтардың жауапкершілік жүгі артады. Аңдамай айтылған бір ауыз сөз, ойланбай қабылданған бір шешім елге зардабын тигізуі мүмкін. Әрине, мемлекет сөз бостандығына кепілдік береді.

Әркімнің қалауынша қарекет жасауына мүмкіндік бар. Бірақ бұл басыздыққа жол беру деген сөз емес. Әрбір азамат елдің тыныштығын және оның аумақтық тұтастығын сақтауға қатысты заң талаптарын мұлткісіз орындауға міндетті. Заң мен тәртіп бар жерде тұрақтылық болады. Бұл қағида – барлығына ортақ» деді Президент.

Мемлекет басшысы халқымыздың ұлттық бірегейлігі мен бірлігін нығайту маңызды міндет екенін айтты. «Соңғы кезде бір аймаққа ғана белгілі адамдарға ескерткіш орнату сәнге айналды. Жергілікті ономастика комиссиялары бұған жол бермеуге тиіс. Орынсыз шешімдерге Республикалық комиссия тосқауыл қоюы керек. Әркім өз бабасына ескерткіш қоя берсе, елде рушылдық, тикелілік беуең алады. Осыған назар аударыңыздар. Кеңестік кезең қайраткерлеріне, соның ішінде жаппай қуғын-сүргінге тікелей қатысы бар адамдарға ескерткіш, бюст орнату ісі әлі жалғасып келеді. Өмірде болмаған ерлік істерге толы өмірбаяндар ойдан құрастырылып жатыр. Олар туралы деректер архив құжаттарында нақтыланбаған немесе мүлде жоқ. Кейбір белгілі топтар азаматтарымызды кеңестік кезеңдегі партия және мемлекет қайраткерлерінің аңызға бергісіз өмірбаяндарына сенуге мәжбүрлеп жүр» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Этносаралық қарым-қатынас мәселесі әрдайым өзекті болып қала береді. «Этносаралық келісімді нығайту – еліміздің тұрақты дамуының негізі. Бұл маңызды міндетті жүзеге асыру үшін орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті билік, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы мен жалпы азаматтық қоғам күш біріктіруі қажет» деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы рухани құндылықтарымызды сақтау маңызды екеніне назар аударды. «Халқымыздың дүниетанымына сай дәстүрлі исламды дәріптеу аса маңызды.

Оның ғылыми-теориялық негізін дамыту қажет. Өскең ұрпақтың рухани тәрбиесін назардан тыс қалдыруға болмайды. Шын мәнінде, бұл – өте маңызды мәселе. Оны бетімен жіберсек, ұлттық салт-санамыздан айырылып қалуымыз мүмкін. Әкімдерге құзырлы органдармен бірлесіп, дін саласындағы жұмысты жандандыруды тапсырамын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент халықтың тұрмыс сапасын арттыру Үкімет пен облыс әкімдерінің ең басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті. Мемлекет басшысы азаматтарымыз елімізде оң өзгеріс болып жатқанын сезінуі қажеттігіне тоқталды. Ол үшін игі бастамалардың мән-маңызын халыққа ұдайы айтып отырған жөн. «Біз тұрақсыздыққа апаратын әрекеттерге жол бермейміз. Мұндай заңсыз әрекеттердің алдын алу қажет. Елге ірікті салып, қоғамдық тәртіпті бұзуға шақырған адамдар қатаң жазаланады. Арандатуға қарсы күрес заң аясында, жедел әрі жүйелі түрде жүргізілуі керек. Тиісті заңдарымыз бар, оларды қатаң сақтауымыз керек. Әйтпесе әрекетсіздіктің салдары еліміз үшін өте қауіпті болуы мүмкін. Мен бірнеше рет айтқанымадай, бізге, ең алдымен, заң үстемдігі аса қажет. Заң сақталса және азаматтық жауапкершілік жоғары болса, қоғамда тәртіп болады. Тұрақтылық бар жерде ғана даму, өркендеу болады. Ел бірлігі – реформаларды табысты жүзеге асырудың басты кепілі. Сондықтан ырысты ынтымақпен білек сыбана жұмыс істеуіміз қажет. Мемлекетті жан-жақты жаңғыртуға қатысты жұмыс болашақта жалғасын табады. Осы орайда мен бірқатар тың бастамаларды ойластырып жатырмын. Оны сайлаудан кейін жария етемін, – деп Президент сөзін қорытындылады.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев әкімдер мен мемлекеттік органдар басшыларына азаматтармен өзара байланысты күшейтуді, өткесулер мен жеке қабылдаулар өткізуді тапсырды.

ӨНДІРІС ЕЛДІ МЕКЕНІ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Өндіріс елді мекенінің тұрғындарымен кездесті. Басқосуда тұрғындар апатты тұрғын үйлерді бұзу, жол салу, кәріз, көпір салу, газдандыру, электрмен жабдықтау, автобус бағдарларын іске қосу, абаттандыру және т.б. мәселелерді көтерді.

«Өндіріс елді мекенінің (Байқоңыр ауданы, Лесозавод) тұрғындарымен кездестім. Олар апатты тұрғын үйлерді бұзу, жол салу, кәріз, көпір салу, газдандыру, электрмен жабдықтау, маршруттарды іске қосу, абаттандыру және т.б. мәселелерді көтерді. Маңызды және күрделі мәселелердің бірі – тозығы жеткен апатты тұрғын үйлерді бұзу. Өндіріс елді мекенінде барак тәрізді үйлер бар, олар 60 жыл бұрын бұзылуы керек еді. Осыған дейін айтқанымдай, қазір мұндай үйлердің тізімін жаңартып жатырмыз. Оларды бұзу

кестесін жасаймыз. Мәселен, алдағы 3 жылда тозығы жеткен апатты үйлердің тұрғындары үшін 2,5-3 мың пәтер салуды жоспарлап отырмыз. Сол сияқты жыл сайын кезекте тұрғындар үшін жеңілдетілген қолжетімді тұрғын үйлер саламыз» деп түсіндірді қала басшысы.

Жеңіс Қасымбек елорданың екі ауданында газ құбырының құрылысы жүргізіліп жатқанын мәлім етті. «Осыған дейін Алматы және Сарыарқа аудандарының тұрғындарына үйлерін газға қосу мүмкіндігі жасалған.

Қазір Байқоңыр және Есіл аудандарында газ құбырының құрылысы жүріп жатыр, одан кейін кварталішілік желілерді салуға кірісеміз. Сонымен қатар қалада тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің бірқатар нысандарын саламыз, инженерлік желілерді жаңғырту, электр қосалқы станцияларын реконструкциялау және т.б. жұмыс жүргізіледі. Сұрақтар көп, бәрі бірден шешілмейді. Оларды кезең-кезең бойынша шешеміз. Аудан әкімдігі орындалу мерзімі туралы хабардар етеді» деді әкім.



АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНБАУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Астана әкімі Жеңіс Қасымбек алданған үлескерлердің бірі болмас үшін және проблемалық нысандардың көбеюіне жол бермеу үшін не істеу керек екенін айтты.

Қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында құрылысы ұзаққа созылған нысандар туралы ақпарат жариялап, тұрғындарды алаяқ құрылысшыларға алданбаудың жолдарын жазды. «Ұзаққа созылған нысандардың құрылыс кезеңін бақылауда ұстаймыз. «Комсомольский», «Алтын шар», «Араби 2-Гранитный 2», «Триумф сити», «За рекой», «Диана», «Future home Astana», «Зере 2» тұрғын үй кешендерінің үлескерлерімен кездестім. Нысандар бойынша үлкен жүйелі жұмыс – инженерлік желілер мен құжаттарды рәсімдеу бойынша да, құрылыс қарқынын жеделдету бойынша да жүргізіледі. Осыған дейін айтқанымдай, әр үйдің өткен тарихы әртүрлі: бірінің тек шұңқыры ғана қазылған болса, енді бірінің жақтауы ғана көтерілген. Құрылысшыларға үйлердің сапасына ерекше көңіл бөлу және тұрғын үй кешенін аяқтау міндеті жүктелді. Ерекше маңызды сәттердің бірі – құрылысы ұзаққа созы-



латын әрі үлестік құрылыстың проблемалы нысандарының пайда болуына жол бермеу қажет. Құрылыс компаниялары заңнамада көзделген қатаң талаптарға сай белгілі бір жағдайларда ғана үлескерлердің қаражатын қабылдай алады. Нақтырақ айтсақ, бұл – тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторының кепілдігін алу, Екінші деңгейдегі банктің

жобасына қатысу, тұрғын үйдің қаңқасын тұрғызғаннан кейін ғана үлескерлердің ақшасын қабылдау. Сол сияқты қала тұрғындарын ақпараттандыру және заңның бұзылуына жол бермеу үшін әкімдік пен БАҚ-та үлескерлердің қаражатын қабылдауға құқығы жоқ құрылыс салушылардың «қара тізімі» жүйелі түрде жарияланып тұрады» деп жазды Ж.Қасымбек.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР


Бішкек маңында қуны 51 миллион доллар болатын, бір мезгілде 20000 адам сыятын үлкен мешіттің құрылысы басталды.

Қырғызстан басшысы Садыр Жапаров мешіт құрылысы басталу сәтінде қауіпті діни ағымдар орын алған жағдайда өмір сүріп жатқан өскелең ұрпақ өкілдерінің арасында сенімнің болуының маңыздылығына да назар аударды. Жаңа мешітте намаз оқитын ғимарат пен рухани білім беру мекемесі, медресе болады.



Уэльс билігі «ақ нәсілді адамдарға қойылған ескерткіштерді бұзуға кеңес берді. Өйткені олар қазіргі заманғы қоғам үшін «алалау», «қорлау» болуы мүмкін.

Бұл туралы The Telegraph басылымының айтуынша, қолданыстағы ескерткіштер қоғам тек беделді ақ нәсілді адамдардың жетістіктерін бағалайтындай әсер қалдырады екен. «Қара тізімге» ілінгендердің қатарында адмирал Нельсон, герцог 1 Веллингтон бар.



2027 жылға қарай Оңтүстік Корея астанасында биіктігі 180 м «Сеул сақинасы» салынады.

Алып шеңберді айнала 36 вагон болады, олардың әрқайсысында ең көбі 25 адам сыяды. «Сеул сақинасы» орналасатын саябақ географиялық жағынан Солтүстік Кореяға жақын болғандықтан, біртұтас Корея мен ұлттық бірліктің символына назар аударады.

ГРОССМЕЙСТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек халықаралық дәрежедегі гроссмейстер Динара Сәдуақасованы қабылдады.



Әкім Алматыда өткен әлем чемпионатында жылдам шахмат бойынша күміс жүлде алған Динара Сәдуақасованы жарқын жеңісімен құттықтап, ел намысын алдағы уақытта да лайықты деңгейде қорғайтынына сенім білдірді.

Кездесу барысында мектепте «Шахмат» пәні факультатив ретінде оқыту және шахмат қозғалысын жан-жақты дамытудың маңызы айтылды.

Динара Сәдуақасова Астана қаласының әкіміне қолдау көрсеткені үшін алғысын айтып, спорттағы мансабына қатысты алдағы жоспарымен бөлісті.

Жасөспірімдер және жастар арасында өткен әлем чемпионатында төрт рет ұтқан ол 16 жасында Қазақстан әйелдері арасында шыққан ең жас гроссмейстер атанды. Қазір Астана шахмат федерациясының құрметті президенті.

Еске сала кетейік, биыл көктемде Астана қаласында шахматтан әлем чемпионаты өтеді. Байрақты спорттық іс-шарада отандас шахматшылар табысты өнер көрсетуі маңызды екені анық.

«ЖАСЫЛ МЕКТЕП» ҮЙРЕТЕРІ – ЕҢБЕК

Индира
БЕРЖАНОВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кеше «Жасыл мектептің» аясында елорданың Сервис және туризм колледжінде «Жасыл мектеп» жобасы аясында жылыжай ашылып, салтанатты түрде таныстырылды. Эко білім беруді дамытуға бағытталған жобаны Болат Өтемұратов қоры қаржыландырады. Мұндай игі бастамаға Астана қаласы әкімдігі де өз қолдауын көрсетті.

Жылыжайдың ашылуына қалалық Білім басқармасы және әлеуметтік серіктестер, елордалық колледж басшылары мен студенттер қатысты.

– Қазіргі таңда Астана қаласының 20 білім беру ұйымында «Жасыл мектеп» жобасы аясында жылыжайлар ашылуда. Жас мамандарды тәрбиелеуде жобаның үлесі зор. Сонымен қатар ландшафты дизайн, флорист және орман шаруашылығы саласы бойынша мамандарды дайындауда бірқатар жобаның жүзеге асқанын да атап өткім келеді, – деді өз құттықтау сөзінде Астана қаласы Білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Ақмарал Хон.

«Жасыл мектеп» жобасының басты мақсаты – өскелең ұрпақты қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, бау-бақша егумен жақын таныстырып, биология және өсімдік шаруашылығы саласындағы жасөспірімдердің білімін кеңейту және қызығушылығын арттыру, еңбекке баулып, оқу орындарын көгалдандыруға үйрету.

Жобаның жалпы ұзақтығы – 3 жыл. Жоба өз бастауын алғашында 2021 жылы Алматы қаласынан алып, оған 16 мектеп қатысты. Ал 2022 жылы бас шаһарда 19 мектеп пен 1 колледжде «Жасыл мектеп» жобасы іске асырылуда.

Болат Өтемұратов қорының бағдарламалық менеджері Абай Нұрмұхановтың айтуынша, жоба арқылы болашақ мамандар тәжірибені

өздерінің ортасында, достарымен бірге шындай алады.

Жылыжайдың іші заманауи тамшылатып суару, жылыту және жарықтандыру жүйелерімен жабдықталған. Жылыжайды орнатуда елорданың аязды қысы да ескерілген.

Сервис және туризм колледжінің директоры Салтанат Басығараеваның сөзінше, «Жасыл мектеп» жобасы – колледждің материалдық базасын кеңейтуге тамаша мүмкіндік.

– Қаладағы жылыжайдың бірінің біздің колледжде орналасқаны – үлкен қуаныш. Бүгінде оқу ордамызда Орман шаруашылығы мамандығы бойынша 124 студент оқиды. Бұл жылыжай білім алушы жастардың білімі мен біліктілігін арттырып, бәсекеге қабілетті маман даярлауда үлес қосады. Әрі оларды өздері жасаған өнім арқылы дұрыс тамақтануға, салауатты өмір салтына баулиды.

Колледж Орман шаруашылығы мамандығының көкөніс және жеміс-жидек өсіру бөліміндегі студенттер

жылыжайда тәжірибеден өте алады. Яғни жылыжайдағы бақша өнімдерін бағбандар емес, студенттердің өзі баптайды. Эко-жоба оларға табиғатты қорғауды ғана насихаттамай, өсімдікті өсіріп, өнім алу жолдарын теориялық-тәжірибелік тұрғыда үйретеді. Тұқым кезінен өнім алуға дейінгі кезеңнің барлық сатысын жетік меңгере алады. Айта кетейік, колледждің 1-2-курс студенттері жылыжайда жұмыс істейтін болады. Жылыжайдағы жұмыстарды білім алушылар он-оннан бөлініп атқарады.

Оқу тәжірибесіне күніне алты сағаттан бөлінген. Мұнда қияр, қызанақ, бұрыш, асжапырақ өсіріледі. Дайын болған өнімдер шеберлік сыныптарында қолданылады.

Салтанатты рәсіммен соң Халықаралық экогастрономиялық Slow Food жобасы аясында «Жылыжайдан дастарқанға» атты шеберлік сыныбын өткізіліп, қатысушылар дайын өнімдерден жасалған астан дәм татып, бағасын берді.



Қытай Ұлттық жасылдандыру комитетінің кеңсесінің есебі бойынша, 2022 жылы Қытай орман өсіруде жаңа жетістіктерге жетіп, 3,83 миллион гектардан астам жерді орманға айналдырды.

Құжатқа сәйкес, 2022 жылы Қытайдың жалпы ауданы 1,85 миллион гектар шөлді жерлер мен тасты шөлді жерлерді қалпына келтіргені атап өтілді. Елде тозған 3,21 миллион гектар жайылым қалпына келтірілді.



Зейнеткерлік жасты екі жылға 64 жасқа дейін ұлғайтуға қарсы елдегі жүздеген мың адам наразылығына қарамастан Франция парламентінің жоғарғы палатасы 112-ге қарсы 195 дауыспен зейнетақы реформасы қатысты заң жобасын қабылдады.

«Бұл – біздің зейнетақы жүйеміздің болашағын қамтамасыз ететін реформаға бағытталған шешуші қадам» деп жазды Франция премьер-министрі Элизабет Борн.

2023 жылғы 16-17 наурыз аралығында БҰҰ-ның Адам құқығы жөніндегі жоғарғы комиссары Фолькер Тюрктің Астана қаласына жұмыс сапары өтеді. Ф.Тюрктің мемлекет және Сыртқы істер министрлігінің басшылығымен, сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен кездесулері жоспарлануда.

ЖОҒАРҒЫ КОМИССАР КЕЛЕДІ



Сонымен бірге мәртебелі мейман дәріс оқуды жоспарлап отыр.

Жоғарғы комиссар биыл аталып өтетін Адам құқықтары жөніндегі дүниежүзілік декларацияның 75 жылдығына және Іс-қимыл жоспары

бойынша Вена декларациясының 30 жылдығына арналған Қазақ мемлекеттік заң университетінде дәріс береді. 17 наурызда БҰҰ ғимаратында сапар нәтижесі бойынша қорытынды баспасөз брифингі өтеді.

«SUPER ӘЖЕ» АНЫҚТАЛДЫ

Астанада зейнеткерлер арасында «Super әже-2023» сұлулық байқауы өтті. Оның жеңімпазы 76 жастағы 6 немеренің әжесі, 50 жылдық тәжірибесі бар мұғалім, ансамбль әншісі Күлпаш Қалқабекова болды.



Байқауға 63 жастан 76 жасқа дейінгі 10 зейнеткер қатысты. Олардың ішінде жоғары санатты мұғалімдер мен дәрігерлер, өнерпаздар және республикалық еріктілер қозғалысының белсенділері бар.

Әжелер ұлттық киімдерін киіп, жиналған көпшілікке өздерін таныстырып, таланттар мен аспаздық шеберлік байқауына қатысты. Таланттар байқауында қатысушылар халық билерімен, вокалдық нөмірлермен өнер көрсетіп, өздерінің авторлық өлеңдерін оқыды. 3 кезеңнің қорытындысы бойынша Күлпаш Қалқабекова жеңімпаз болып таңдалды. Ол жарыстың тәжін киіп, 100 000 теңгелік жүлде сертификатының иегері атанды.

«Мұндай байқаулар тек әжелерге

ғана емес, жастарға да қажет. Оларға қарап, әжелер де қоғам өміріне белсенді түрде араласа алатынын және қатысқысы келетінін біледі. Бүгінгі қатысушылар зейнеткерлікке шыққан өзге жандар үшін үлгі болып саналады. Осы кісілерден үлгі алу керек» деп атап өтті іс-шараны ұйымдастырушы Валентина Толмачева.

Сондай-ақ барлық қатысушыларға түрлі номинациялар берілді. Олар: «Ең мейірімді әже», «Ең көңілді әже», «Ең шебер әже», «Ең тапқыр әже», «Ең ақылды әже», «Ең заманауи әже», «Ең білімпаз әже», «Ең бұлбұл әже», «Ең өнерлі әже». Айта кетейік, «Super әже-2023» байқауы Астанада алғаш рет Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының қолдауымен өткізілді.

ПОЛИЦИЯ БАСҚАРМАСЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Елордада жаңадан құрылған Нұра ауданында полиция басқармасы жасақталады. Бұл туралы ашық талқыға шығарылған Үкімет қаулысында жазылған.

«ҚР Ішкі істер министрлігі Астана қаласының полиция департаменті «Нұра» ауданының полиция басқармасы мемлекеттік мекемесі құрылсын. Мемлекеттік мекемені қаржыландыру ҚР Ішкі істер министрлігін ұстауға арналған республикалық бюджетте және жергілікті бюджетте көзделген

қаржат есебінен жүзеге асырылады» делінген құжатта.

Қаулы 30 наурызға дейін көпшілік талқылауында болады. Еске салайық, өткен жылдың желтоқсан айында елордада жаңа аудан құру туралы шешім қабылданып, оған Нұра атауы беріліп, шекарасы бекітілген еді.

ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА
КАНДИДАТ

№2
ОКРУГ

19 НАУРЫЗДА
ДАУЫС БЕР!

**ОЛЖАС
СЫДЫҚБЕК**

ХАЛЫҚТЫҢ ҮНІ
МАҢЫЗДЫ!

Тапсырыс беруші: О.Сыдықбек
Ақпарат үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін
республикалық сайлау қорынан қаржыланды

САЙЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«СӨЗІМЕ – АРЫМ, УАДЕМЕ – ЖАНЫМ КЕПІЛ»

Біз – барлығымыз, ұрпағымыздың бейбіт, тәуелсіз, экологиялық таза ауа, табиғи ас-сүмен қамтамасыз етілген, адами құндылықтар шеңберінде қабылданған демократиялық қоғамдық қарым-қатынастарда заң үстемдігі орныққан, зайырлы, әділетті мемлекетте өмір сүргенін қалаймыз. Сол үшін дәйекті заң қабылдап, оны мүлтіксіз орындайтын мемлекет құру керексіз. Еліміздің азаматтығын алған әрбір адам саяси-әлеуметтік ахуалымызды көтеру үшін қара қазанда қайнап жатқан қоғамдық қарым-қатынасқа бір кісідей атсалыспақ керек. Мемлекеттік басқару ісіне жүйелі түрде араласпай, адам өмірі мен әлеуметтік жағдайымыздың жақсаруын тосу тек қиял жүзінде қалатынын заманның өзі көрсетіп отыр.

Қаралы қаңтардан кейінгі Жаңа Қазақстан құру идеясы тәуелсіздігімізді сақтай отырып, демократиялық жолмен елімізді дамытуда қапастағы саңылаудан түскен сөзүлей көрінгендіктен, халқымыз назарына өзіміздің сайлауалды бағдарламамды танысуға ұсынамын.

Қоршаған ортаны қорғау, экологиялық ахуалды жақсарту, таза ауа, таза су, табиғи аспен қоректену қолға алыну керек. Табиғи апаттардың алдын алу, жерімізде тамырланған орман, ағаш, өсімдік атаулыны және оны мекен еткен хайуанаттарды, құстар мен балықтарды табиғи тепе-теңдікті сақтай отырып қорғап, жастардың отансүйгіштік, патриоттық сезімін ояту қажет.

Жерасты қазба байлықтары, газ, су қоймалары елімізге ортақ мұра болғандықтан, «ұстағанның

қолында, тістегеннің аузында» кетпеуін қадағалау арқылы адамдардың ортақ қазынаға үнемшіл ұстанымын қалыптастыру керек. Ұлттық қордан себепті-себепсіз жұмсалып жатқан қаражаттың түгелдей Парламенттік қадағалауға алып, жұмсалған қаражаттың 2008 жылғы кризистен бастап Жоғарғы аудит палатасымен бірлесіп отырып, тиімді-тиімсіз жұмсалғанын зерделеп шығу керек.

Құқық қорғау және қаржы саласындағы өмірлік тәжірибемді тиімді қолдана отырып, Ұлттық қордан пайдаланылған немесе несиеге берілген қаражаттарын «судың да сұрауы бар» дегендей, Жоғарғы аудит палатасына егжей-тегжейлі тексеруге атсалысамын.

Еңбек өтілі үздіксіз 25 жылдан асқан мұғалімдерді зейнеткерлікке шығару, мектептерде сынып жетекшілік қызметті жеке штат ретінде бөлек шығару, магистрлік дәрежесі үшін тек мектептерде ғана емес, сонымен қатар орта арнаулы оқу орындары мен колледждердің мұғалімдеріне де үстемалы төлеу, ұстаздарға әлеуметтік жеңілдіктер беру (коммуналдық төлемдер, жолда жүру, медициналық тексерілу), 5 күндік жұмыс аптасын тұрақты негізде қалдыру және бекіту, мемлекеттік бюджет есебінен ұстаздарға жылына бір рет санаторийлер мен курорттарда демалу және денсаулығын түзеуге арналған жолдамалармен қамтамасыз ету, жас мамандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін толыққанды заң жобасын бекітуге тырысамын.

Тапсырыс беруші: ҚР Парламентінің Мәжілісі депутатына кандидат Ернур Мұсабайұлы ӘЗІМБАЕВ
Республикалық бюджеттен төленді

АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ СЕРІК МЫҚТЫБЕКҰЛЫ СЕЙІТМАННЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті жерлестер!
Қадірлі сайлаушылар!

Мен кандидат ретінде тіркелген №15 сайлау округі жанымға етене жақын. Осыдан 11 жыл бұрын Алматыдан арман құшып көшіп келгенімде құшақ жайып қарсы алған, пәтер жалдап тұрған ең құтты мекеніміз. Астананың дәл осы аймағы бізді үлкен өмірге тәрбиеледі. Осы түбегте отбасымыздың бақытын мәпелеп, кішкентай перзенттерімізді бесікке бөледік. Тұрмыстың қызығы мен шыжығын елмен бірге көрдік. Содан бері мұндағы әрбір жағдай мені қатты алаңдатады. Күнделікті көзіммен көріп, жүрегіммен сезіп жүрген мәселелерді саралай келе, «ҚОЛАЙЛЫ ҚАЛА» деп аталатын төл жобамды ұсынбақпын. Ол 6 бағыттан тұрады:

- 1. ҚҰТТЫ ҚОНЫС**
 - Мен отбасы институтын қолдаймын.
 - Әр отбасының меншікті баспанасы болуға тиіс.
 - Өзім де көпбалалы отбасыдан шықтым, қазір көпбалалы әкемін. Жылдар бойы шеттей бала-шағамызбен пәтер жалдап тұрғандықтан, «Үйі жоқтың – күйі жоқ» деген сөздің мәніне терең бойлаймын.
- 2. ЖАЙЛЫ МЕКЕН**
 - Аулалар мен ойын алаңдары үнемі жергілікті биліктің назарында болғанын қалаймын. Себебі адамның ішкі мәдениетін сыртқы орта қалыптастырады.
 - Өмірге ешкім екі рет келмейді. Сондықтан, Президентіміз айтқандай, әрбір адам ертең емес, әуелі бүгін бақытты болуы қажет.
- 3. ТЕГІС ЖОЛ, ЖАРЫҚ ӘЛЕМ**
 - Әрбір үйге апарар жол тегіс әрі жарық болуына күш саламын. Көшелердің абаттандырылуы, тазалығы, көгалдандырылуы Астана деген атқа сай болуға тиіс.
 - Ақылы автотұрақтар тегін автотұрақтарды, тегін автотұрақтар жалау жүргіншілер жолын және ауладағы ойын алаңдарын тарытпауы керек.
- 4. ЖАБЫҚ АЯЛДАМА**
 - Астана климаттық жағдайына қарай суық қалалардың қатарында. Сондықтан мұндағы шеткі аймақтардың аялдамалары бірінші кезекте жылы әрі жайлы болғанын талап етемін.
 - Қоғамдық көліктердің қатынау жиілігін және жаңа бағыттарды қосуды үздіксіз реттеп отыруға тиіспіз.
- 5. ҚАЙЫРЫМДЫ ҚОҒАМ**
 - Ауа райы қандай суық болса да, жүректердегі жылулыққа тамызық салып отыру – адамдық боршымыз.
 - Жалпыға көлжетімді жабық спорт кешендерін салу және жастарды ата дәстүрімізге баулып, рухани байытатын, сондай-ақ, әлемнің озық жетістіктеріне бейімдеп, интеллектуалдық деңгейін көтеретін шағын орталықтар мен үй іргесіндегі үйірмелерді көптеп ашу – қайырымды қоғам қалыптастырудың ең негізгі алғышарты.
- 6. ҚАУІПСІЗ ЗАМАН**
 - Бос уақытын есірткі мен ессіз ойынханаларға емес, сауатты өмір салтына арнаған; ұлттық қадір-қасиетіміздің құнарлы қанып, үлкенге құрмет, кішіге ізет танытқан; ұстазын ұстын етіп, ғаламның озық білім-ғылыммен қаруланған тұрғындары бар кез келген қайырымды қоғам қауіпсіз заман қалыптастыруға қабиетті.

Серік СЕЙІТМАН,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, ғалым

Тапсырыс беруші: Астана қаласы №15 сайлау округі бойынша мәслихат депутаттығына үміткер Серік СЕЙІТМАН
Республикалық бюджеттен төленді

AMANAT

НАР ТӘУЕКЕЛ!

Тапсырыс беруші: Б.О. Жакенов
Астана қаласы мәслихаты депутаттарының сайлауында партиялық тізімді ұсынған
«AMANAT» партиясы сайлау қорының қаражатынан төленді

ҚАЛА МЕН САЛА

КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Елордада су тасқынының алдын алу мақсатында «Көктем-2023» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өтуде.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Сарыарқа ауданы әкімі аппараты муниципалдық шаруашылық бөлімінің басшысы Темірлан Ариновтың айтуынша, шараға қатысушыларға энергетикалық қосалқы станса мен республикалық автокөлік жолын су басудың

алдын алу, адамдарды эвакуациялау және зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету міндеті қойылды. Тапсырмаларды шешу үшін құтқарушылар мен аудан әкімдігінің қызметкерлері бөгетті нығайту бойынша іс-қимыл алгоритмін әзірледі.

– Мұндай оқу-жаттығуларда апаттық жағдайлар кезінде

үйлесімді жұмыс жоспары әзірленеді. Сонымен қатар, кім қандай рөл, қандай міндет атқаруы керекі белгіленеді. Дегенмен су басуға жол бермейтін бірқатар шара қабылдануда. Мысалы, қарды уақытылы шығару, бөгетті нығайту, инертті материал, мамандандырылған техника және т. б. дайындау жұмысы

жүргізіледі, – деді бөлім басшысы.

Жалпы, Сарыарқа ауданының аумағында су тасқыны кезеңінде апаттық-құтқару іс-қимылдарын ауқымды пысықтауға 70-тен астам құтқарушы, өрт сөндірушілер, әскерилер, еріктілер және т. б. қатысты. Аптаның басынан 15 мың текше метр қар шығарылып, су тасқынымен күресу үшін 85 техника, 300 қап құм және 70 дресва самосвалы дайындалды. Инертті материалы бар қаптан жасаңды бөгеттер салынып, нөсер кәрізін жуу жұмысы жүргізілуде. Уақытша орналастырудың 4 пункті анықталды.

Аудан аумағында су тасқынына қарсы іс-шаралар қаңтар айының ортасынан бастап жүргізілуде. Осы уақыт ішінде арық-науа желілері, дренаждық және жаңбыр қабылдайтын құдықтар тазартылуда. Сондай-ақ, жеке сектордан тұрғындар жол жиегіне жинаған қар шығарылады. Бұдан бөлек, қар тазалау қарашадан бастап екі ауысымдық режимде жүріп жатыр. Мәселен, қыс мезгілінің басынан бастап бүкіл аудан аумағынан полигонға 735 мың текше метрден астам қар шығарылды.

Алматы ауданында да су тасқынына қарсы іс-шаралар жалғасуда.



Іс-шара басталғаннан бері Оңтүстік-шығыс шағын ауданының оң жағы мен Железнодорожный тұрғын алабы көшелеріндегі барлығы 2911 м аумақ тазартылып, 984 м науа-арық желісі жуылды. Су басу қаупі бар аймақтардан шығарылған қар көлемі 13500 текше метрді құрайды.

«Көктем-2023» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуын өткізу шеңберінде Есіл және Байқоңыр аудандарында да көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында қар жинау және шығару жұмысы күшейтіліп, аулаларды, қоғамдық кеңістіктерді кешенді абаттандыру, жөндеу мен қалпына келтіруге дайындық жұмысы жүргізілуде.

«Түнгі аяз кезінде сумен араласқан қар қатып қалады. Бірақ күндіз тікелей күн сәулесінің әсерінен мұз ерімесе де, кеуекті

және борпылдақ болып, оның құрылымы бұзылады. Мұндай нәзік мұздың үстімен жүру адам өміріне аса қауіпті. Сондықтан оқығалардың орын алмауы үшін ата-аналар әсіресе жас балаларды қараусыз қалдырмаса екен» дейді мамандар.

Су тасқыны, су басу – болжап болмайтын салдарға әкелуі мүмкін қауіпті табиғи құбылыс. Ол ауа температурасының кенет көтерілуі, қардың қарқынды еруі, нөсер жаңбыр, құма жел, мұздың кептелуі және т. б. өзен, көлдегі су тасқынының алдын алу мақсатында қар жинау және шығару жұмысы үшін азаматтық қорғау органдары мен муниципалдық қызметтер тұрақты жұмыс жүргізуде.

Төтенше жағдайлар туындаған кезде тұрғындар «112» немесе «101» нөмірі бойынша бірыңғай қызметке хабарласа алады.





КЕРЕКУДЕГІ КЕЗДЕСУ

«AMANAT» партиясы Республикалық сайлауалды штабының мүшелері Павлодар облысында сайлаушыларымен кездесті.

«Қазақстандағы әр отбасы бақуаты өмір сүруге тиіс. Күш-жігеріміз әр азаматтың әл-ауқатын жақсартуға, табысын арттыруға бағытталды. Біздің көмегімізбен жұмысшылар жұмыс орнындағы жеке қауіпсіздігінің, құқықтары мен денсаулығының қорғалатынына сенімді болады. Біз барлық жұмыс берушіден жауапкершілік талап етеміз» деді «Аманат»-тың Атқарушы хатшысы Елнұр Бейсенбаев. Бұдан соң РСШ мүшелері Екібастұз тұрғындарымен экспромт-кездесу өткізді. Жүздесуде партияның сайлауалды бағдарламасында көрсетілген инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды сапалы жаңғырту жөніндегі шаралар туралы айтылды. Алдағы 5 жылда партия жылумен жабдықтау жүйелеріне техникалық аудит жүргізуге, жылумен жабдықтау проблемаларын шешу бойынша аумақтық жол карталарын әзірлеуге кепілдік береді.

Партия Үкіметтің тек ірі қалалар мен астанаға ғана емес, еліміздің барлық өңіріне назары аударуын қамтамасыз

етеді. Павлодар қаласында штаб мүшелері сайлаушылардың талап-тілектерін қабылдады. Негізінен, азаматтарды жұмыспен қамту, тұрғын үй салу, жол жөндеу және т.б. мәселелер алаңдатады. Партияның сайлауалды уәделерін орындау аясында Павлодар облысында кемінде 65 мың жұмыс орнын ашу, ШОБ кәсіпорындарының санын 65 мың бірлікке дейін ұлғайту жоспарлануда. Сонымен қатар, алдағы 5 жылда облыста 2 млн шаршы метрден астам тұрғын үй (шамамен 15 мың пәтер), 7 мектеп салынады, кемінде 100 білім беру нысанына күрделі жөндеу жүргізіледі. Ауылдық елді мекендерде 30 жаңа медициналық нысан, ал тікелей облыс орталығында – 2 консультативтік-диагностикалық орталық пайда болады. Биыл «Аманат» «Жастарға жұмыс» партиялық жобасы аясында 300 мың жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастарды жұмыспен қамту, әлеуметтік қолдау орталықтарын құрады. Жалпы, 2028 жылға дейін 1,5 млн астам жас жұмыспен қамтылады.



МҰҢЫ БІРДІҢ – МҮДДЕСІ БІР

«Ауыл» партиясынан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутатына кандидат Дәулеткерей Кәпұлы, Илияс Досқожаев, Ерболат Саурықов, Болатбек Қыстауов Түркістан облысының тұрғындарымен және туристерімен кездесті.

Бірінші кездесу Түркістан қаласындағы «Керуен сарайда» ұйымдастырылды. «Ауыл» партиясының атынан Мәжіліс пен түрлі деңгейдегі жергілікті мәслихаттар депутаттығына кандидаттармен кездесуге 500-дей адам келді. «Мен де ауылды сағандым» деп аталған жиын бұрынғылардан өзгереді еді кеш форматында өтті. Айттың аты белгілі суырып салма ақын, Мәжіліс депутаттығына кандидат Дәулеткерей Кәпұлы сөз сөйледі. Ол қатысушылар алдында туған ауылына арналған өлеңдерін оқыды.

– Орасан жер қоры, егіншілік пен мал шаруашылығының бай тарихы болғанына қарамастан, Қазақстан әлі де импортқа, ал халық азық-түлік бағасының өсуіне тәуелді. Ал әлемде азық-түлік дағдарысы күшейіп келеді. Бұл Қазақстанның өз халқын жоғары сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етіп қана қоймай, ауыл шаруашылығы өнімдерін халықаралық нарықтарға

экспорттаушы жетекші ел болуына да зор мүмкіндіктер ашады. «Ауыл» партиясы мәжіліске барғанда ауылдардың қарқынды дамуына баса назар аудара, оларға бұрынғы даңқын қайтара, аграрлық саланы ұлттық табыстың сарқылмас көзіне айналдыра отырып, әрбір қазақстандықты жайлы өмірмен қамтамасыз етуді, еңбек адамына деген бұрынғы құрметті қайтаруды, ауыл әйелдерінің әлеуметтік жағдайын жақсартуды көздеп отыр. Ол үшін сіздердің қолдауларыңыз керек. Мұны бірдің – мүддесі бір! Сіздердің мүдделеріңіз – біздің мүддеміз, – деді кандидат-ақын Дәулеткерей Кәпұлы.

Бұдан кейін «Ауыл» партиясының делегациясы Түркістан облысы Сауран ауданының халқымен және кәсіпкерлерімен кездесті. Кездесу барысында кандидаттар үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, жергілікті тұрғындарға сайлауалды бағдарламаның негізгі бағыттарын түсіндірді.



ПАРТИЯ ҚАТАРЫ ТОЛЫҒА ТҮСТІ

Respublica партиясы өкілдерінің үгіт-насихат сапары жалғасуда. Партия мүшелері өздерінің ReBus маркалы автобусымен елімізде 30 мың шақырым жолды жүріп өтті. Олар Астана, Алматы, Талдықорған, Шымкент, Қонаев, Тараз, Түркістан, Қызылорда, Қостанай, Орал, Ақтөбе, Атырау, Петропавл, Көкшетау, Павлодар, Екібастұз, Семей, Қарағанды, Өскемен қалаларын, сондай-ақ бірқатар ауылдарды аралап шықты.

Жалпы партия өкілдері еліміздің 18 өңіріне барып, тұрғындармен жан-жақты түрлі мәселелер бойынша әңгімелесті. Соңғы сапар Маңғыстау мен Ұлытау облысында өтуде. Кеше Павлодар облысы Қалқаман ауылында партияға өтуге бір мезгілде өтініш бергендердің саны нағыз рекорд орнатты. Халықпен кездесу нәтижесінде 200 азамат партия қатарына өтуге өтініш берді.

Партия атынан Парламент мәжілісі мен қалалық мәслихаттарға депутаттыққа үміткерлер халықпен кездесуде бағдарламадағы жоспарларына сай мәселелерді көтеруде. Мәселен, Алматы қаласында өткен жиында қалалық мәслихат депутаттығына үміткер Мадияр Жанысбаев әр қазақстандықтың дамыған қалада тұруға құқығы бар екенін жеткізді.

– Қалаларды азаматтардың өмір сүру сапасы бойынша рейтингілейтін жаһандық өмір сүруге қабілеттілік индексі бар. Ал еліміздің кез келген қаласы сияқты біздің Алматының да осы тұрғыдан алғанда, ең жоғары рейтингте тұрғанын қалаймын. Осылайша, инклюзия өмірдің барлық салаларын қамтуы керек, атап айтқанда, олар – білім беру, денсаулық сақтау, қалалық инфрақұрылым салалары. Зағип жандар немесе мүгедектер арбасындағы жандар, қарттар, балалы аналар - барлығы өздерін жайлы сезінуі тиіс. Мысалы, мүмкіндігі шектеулі жандар спорт залдарға, театрларға, кинотеатрларға қауіпсіз жағдайда баруы үшін барлығы жақын әрі жол бойы ыңғайлы болуы керек, – деді Жанысбаев.



ХАЛЫҚ ТАБЫСЫН АРТТЫРУҒА ҮНДЕДІ

Қазақстан Халық партиясы үгіт-насихат жұмыстарын Батыс Қазақстан облысында жалғастырып, партиялықтар Орал қаласындағы тігін фабрикасында болды.

Кандидаттар жергілікті жоғары медициналық колледжінің студенттерімен және оқытушыларымен кездесті. Оралда қазір жаңа шағын аудан бой көтеруде. Үгіт тобы ол жерде де болып, құрылысшылармен кездесті. Жұмысшылардың тілегін тыңдаған партиялықтар сайлауалды тұғырнамадағы тармақтарға кеңінен тоқталды.

– Партия бастамасымен 200-ден астам іс-шара өткізілді. 50 мыңнан астам үгіт материалдары таратылды. Батыс Қазақстан облысының әр ауданына бардық. Кездесуге халық белсенді қатысуда, – деді Ниязбек Есеналиев, «Қазақстан Халық партиясы» ҚБ мүшесі.

Сондай-ақ Алматыда Парламент Мәжілісі депутаттығына кандидат, Қазақстан Халық партиясының төрағасы Ермұхамет Ертісбаевтың қатысуымен

сайлауалды бейбіт үгіт-насихат іс-шарасы өтті.

«Алматы – Тәуелсіздігіміздің талбесігі. Шаһар іскерлік пен мәдени өмірдің орталығы ретінде еліміздің дамуына ерекше үлес қосып келеді. Алматыда халықтың белсенділігі жоғары болғандықтан, біздің сайлауалды бағдарламыздағы өзгерістер мен реформалардың негізгі тірегі де – осы шаһардың тұрғындары» деді партия төрағасы.

Ол сондай-ақ қала халқының нақты табысының өсуі туралы ҚХП бағдарламасының негізгі бөлігінде баса назар аударылып отырғанын жеткізді. Шағын және орта бизнес саласы тұрғындарды жұмыспен қамтудың 65 пайыздан астамын қамтып отыр. Осы ретте төраға жұмысшылардың еңбегі бағаланып, әділ жалақы алуы маңызды екеніне назар аударды.



ЕРЕКШЕ ЖАНДАРҒА НАЗАР АУДАРДЫ

«Байтақ» жасылдар партиясының төрағасы және Астана қаласының №2 округі бойынша Мәжіліс депутаттығына кандидат Азаматхан Амиртаев елорданың Республика даңғылындағы №81 үйде орналасқан коммуналдық жатақхананың тұрғындарымен кездесті.

Мұнда әртүрлі топтағы мүгедектер тұрады. Жатақхана тым ылғалды және тұрғындардың қауіпсіздігі шарттары сақталмаған. Бөлмелердің өзі өте тар, мүгедектердің арбалары тар дәліздерде әрең сыйысып тұр.

Азаматхан Амиртаев жатақхананың жай-күйін жақсарту үшін қолдау көрсетуді сұраған мүгедектердің барлық талап-тілектерін зейін қоя тыңдады. Тұрғындар жергілікті шенеуніктер олардың проблемаларына назар аудармайтынына қынжылыс білдірді.

Кездесу барысында «Байтақ» партиясы ерекше жандардың жағдайына назар аударған елдегі бірден-бір партия екенін аталды.

Осындай маңыздағы кездесу Қарағанды облысында жалғасты. Партия тізімі бойынша Мәжіліс депутат-

тығына кандидат Айтуар Туғанбеков және Қарағанды облысы бойынша қалалық және облыстық мәслихатқа «Байтақ» жасылдар партиясының Қарағанды облыстық филиалының кандидаттары Нұра-Сарысу облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы мен Қарағанды орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесінің ұжымдарымен кездесті.

Биологиялық әртүрлілікті сақтау – партияның негізгі міндеттерінің бірі.

Кездесуде осы тақырыпта сөз қозғаған Айтуар Туғанбеков партияның сайлауалды бағдарламасымен таныстырып, табиғатты қорғайтын мекемелердің қызметкерлерімен өзара пікір алысты.

Бүгінде экология мәселелерін алдын алу маңызды міндетке айналғанын айтып, экожүйені сақтау және қорғауда бірлесу істеуге шақырды.



«АҚ ЖОЛ» АҚ ЖОЛҒА БАСТАЙДЫ

«Ақ жол» демпартиясы республикалық сайлауалды штабының мүшелері Павлодар облысының тұрғындары және кәсіпкерлерімен кездесті. 500-ге жуық адам жиналған «Естай» орталық мәдениет сарайында «Ақ жол» кандидаттары партияның саяси бағдарламасын таныстырды.

Жиынға партия төрағасы Азат Перуашев, төраға орынбасарлары Ерлан Барлыбаев, Берік Дүйсембинов, Павлодар облысынан бір мандатты сайлау округі бойынша Мәжіліс депутаттығына кандидат Фуат Сатыбаев, барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттығына кандидаттар, облыс тұрғындары және қолөнершілер қатысты.

«Ақжолдықтардың» мұндай кездесулердегі ерекшелігі – олар кандидаттардың көпшілігі сияқты жоспарларына ғана айтып қоймайды. Сайлаушылар енді үгіт-насихатшылардың құрғақ уәдесін тыңдағысы келмейді, әлеуметтік желілерде халықтың мұндай үгітшілердің сөзін бөліп, одан да депутаттық мандатқа үміткердің нақты қандай мақсатқа қол жеткізгенін айтуды талап ететін видеолар көп.

«Ақ жол» партиясының өкілдері бағдарламаның таныстырылымын әр тақырып бойынша өз іс-әрекеттерінен нақты мысалдармен дәлелдеп, қол жеткізілген нәтижелер туралы баяндайды. «Ақ жол» төрағасының партияның жемқорлардың заңсыз шығарған капиталын елге қайтару, жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң қабылдау, салалық салық мөлшерлемелерін енгізу және т.б. қадамдары туралы айтқан фактілері жиналған қауымның үлкен қолдауына ие болды.

Сондай-ақ Азат Перуашев, Ерлан Барлыбаев, Берік Дүйсембинов Павлодардағы баспа үйіне барып, баспа желісінің жұмысымен танысып, кәсіпорын жұмысшыларымен әңгімелесті.

Қала тұрғындары көкейдегі сауалдарын қойып, тұшымды жауаптар алды.



ҮШ АПТАЛЫҚ ҮГІТ ҚОРЫТЫЛАНДЫ

Жалпыұлттық социал-демократиялық партияның республикалық сайлауалды штабында Астанада өткен «ЛРТ – жемқорлық ескерткіші» атты митингінің қорытындысы шығарылып, резолюциясы таныстырылды.

Резолюцияда «жемқорлықтың мемлекетті күйрететіні, адамдар арасындағы сенімділікті азайтатыны, институттарға деген сенімді жою-тындығы» айтылды.

Жемқорлықты болдырмау үшін ЖСДП өкілдері парламенттік бақылау орнатуды; мемлекеттік органдардың қайталанатын функцияларын қысқартуды; жемқорларды мерзімінен бұрын босату құқығынан айырып, барынша ұзақ мерзімге жазалауды талап етеді.

Сондай-ақ партияның республикалық штабында жиын өтіп, жұмыстарының аралық қорытындысы шығарылды.

– Үш апталық жұмыстың қорытындысына келді. Жоспарлаған 500 іс-шараны өткіздік, қазір енді осы соңғы аптада 300 шара жоспарлап отырмыз. Мыңнан астам волонтеріміз бар. 20

өңірде 20 филиалымыз бар. Үгіт-насихат қағаздары, газеттері барлық өңірге жетті толық. Көбісі таратылды, – деді Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының тізімі бойынша кандидат Талғат Омаров.

Социал-демократтардың Мәжіліс депутаттығына партия тізімі бойынша үміткерлер өңірлердегі үгіт-насихат жұмыстарын жалғастыруда. Үміткер Мирамбек Камалов Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Бадамша селосына барып жергілікті тұрғындармен кездесті. Парламент Мәжілісінің депутаттығына партия тізімі бойынша кандидат Ирина Әлімжанова Шымкент қаласына сапармен барып, жергілікті сайлаушылармен тілдесті.

Ал Қарағанды облысында партия белсенділері сайлаушыларға «Социал-демократ» атты партиялық басылымның кезекті нөмірін таратты.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫҚОРДАЛАНҒАН
МӘСЕЛЕ КӨП

Қоянды – Астана қаласына ең жақын ауылдың бірі. Ресми дерек бойынша 22400 тұрғын тіркелгенмен, шын мәнінде, 40 мыңнан астам адам тұрады. Қаладан он-ақ шақырым жерге орналасқан бұл ауыл да төрт тұрманы түгелдей келе жатқан ауылдың бірі. Соңғы жылдары мұнда ауыз су, жол, жарық, мектеп мәселесін шешуге баса назар аударылса да, тұрғындар санының жыл сайын артуына байланысты бұл мәселелер әлі өзекті түйін болып тұр.

2022 жылы қыркүйек айынан бастап халықтың сайлауымен әкім болған Бақытхан Солтанбай – Қояндының қалай жігіп, қалай өзгергенін көзімен көрген азаматтың бірі.

– Қояндыға көшіп келгеніме биыл 17 жыл болды. Мен келгенде бұл аумақта 68 үй бар еді, қазір 6000-ға жетті. Демек, бұл – еліміз бойынша халқы жылдам өсіп келе жатқан ауылдың бірі. Қазақстанның көптеген ауылы сияқты бізде де ауыз су, жол, жарық, мектеп мәселесі өзекті. Дегенмен соңғы кездері бұл мәселелер де біртіндеп шешіліп жатыр, – деп сөз бастаған Бақытхан мырза ең алдымен балалардың білім алу мәселесін ауызға алды.

2 МЕКТЕПТЕ
ЕКІ АУЫСЫММЕН ОҚИДЫ

Қоянды ауылында 2 мектеп бар. Ауылдың №1 жалпы білім беретін мектебі 900 орындық, алайда онда 1919 оқушы екі ауысыммен оқиды. Ал №2 жалпы білім беретін мектеп 1200 орындық болса, онда 2253 оқушы оқиды. Екі мектепте де бала саны межеден екі есеге көп болып, мектеп жетіспеу мәселесін түбегейлі шеше алмағандықтан, Қоянды тұрғындарының біраз баласы қаладан оқуға мәжбүр. Оның үстіне, бұл ауылда жылына 500-600 бала мектеп табалды-

НЕ ҚАЛА ЕМЕС,
НЕ ДАЛА ЕМЕС...

Елордамызда қала төңірегіндегі Қосшы, Қоянды, Қараөткел, Үркер, Талапкер, Жібек жолы, Қызылсуат сынды қала, ауылдардан келіп жұмыс істейтін азаматтар аз емес. Кейбір деректерде жарты миллионға жуық адам қала төңірегіндегі елді мекендерден Астанаға келіп жұмыс істейді деген ақпарат та айтылады. Тек Қоянды ауылының өзінен күніне 20 мың адам қалаға келіп-кетіп жұмыс істейді.



рығын аттайды. Осы мәселені шешіп, балалардың алаңсыз білім алуына жағдай жасау үшін мемлекет тарапынан алдағы уақытта 2000 бала білім алатын «комфорт» мектеп салу жоспарланып отыр.

«Мемлекеттік акт шығып, жобалау жұмысы жасалып жатыр. Бұйырса, құрылыс жұмысы биыл басталмақ. Бұл біздің ауыл үшін дер кезінде жасалған үлкен қамқорлық болды» дейді ауыл әкімі.

Қазір ауылда 280 орындық мемлекеттік балабақша жұмыс істеп тұр. Бұған қоса, тағы бір балабақшаның құрылысы бітіп, жақында пайдалануға берілмек. Жеке балабақшалар да бар.

Қоянды ауылында клуб қана бар. Бірақ мәдениет үйі жоқ. 40 мың халық тұратын ауылда тұрғындарға рухани нәр беретін мәдениет үйінің болмауы – үлкен кемшілік.

«Ауылда мәдениет үйі, кітапхана, сондай-ақ балалардың көңіл көтеруіне қажетті орталықтар жоқ. Сосын да көптеген ата-ана сенбі, жексенбі күні балаларын қалаға сүйреуге мәжбүр. Біз алдағы уақытта осы мәселелерді шешсек дейміз. Мәдениет үйін ашудың жоба-жоспарын жасап, қатысты орындарға өтініш те айтып жатырмыз. Алдағы уақытта бұл талабымыз да орындалады деп ойлаймын» дейді әкім өз жоспарымен бөлісіп.

АРАЛЫҚТА ҚАЛҒАН
«АНКЛАВ»

Астана іргесіндегі қоқыс зауытының қоңсыған иісі барады демесен, Қоянды ауылының орналасқан жері өте керемет. Төңірегінде ат шаптырым жауық, ақ қайыңмен көмкерілген саялы алқаптар аз емес.

Ауылдың іргесінде ғана аққу ұшып, қаз қонған Қоянды көлі жатыр. Бір ауыз сөзбен айтқанда, ауыл қала іргесінің туризмін дамытуға сұранып тұр. Бірақ аралықта қалған «анклава» айналған бұл ауылдың қазір ондай мүмкіндігі жоқ. Себебі ауылдың төңірегі – көлі де, шөлі де түгелімен Байқоңыр ауданына тәуелді. Ал ауыл әкімшілік аумақ бойынша 70 шақырым қашықтықтағы Целиноград ауданына қарайды. Осы арада төңірегіндегі ауылдың дамуына қажетті жердің бәрін (керек десеңіз, Қояндының дачасына дейін) Байқоңыр ауданына бергенде, ауылды да неге Астанаға қоса салмаған деген сұрақ туады. Қаланың ауасымен тыныстап, ауылдың күнін кешкен тұрғындар да ауылды қалаға қосқан дұрыс деп санайды.

– Жұмыс шыға қалса, 70 шақырым жердегі аудан орталығына баруға мәжбүрміз. Бұл халыққа аса тиімсіз болып тұр. Ауылда жалғыз жедел жәрдем көлігі бар. 40 мың халық тұратын ауылға жеткілікті ме?! Адам өмірі бәрінен маңызды ғой. Оның үстіне, халық саны жыл сайын өсіп барады, халық осылай өсе берсе, қазірдің өзінде толық шешіліп болмаған жарық, су, жол, мектеп мәселесі ұлғая береді. Ауылда сейіл-серуен құратын тынымбақтар да жоқ. Арқаның апай төсінен артық жер де бұйырмаған бұл ауылдың тұрғындары қала мәдениетінен игіліктенгісі келеді. Баламызды қалаға сүйреп оқытып жүргенімізге де 5-6 жыл болды. Сондықтан Қоянды ауылын Байқоңыр ауданына қосқан жөн деп санаймын, – дейді ауыл тұрғыны Еркінжан Сламхан.

еді. Бірақ Қояндының іргесінде жатқан бұл көлде қазір ол мүмкіндік жоқ. Байқоңыр ауданы қаладағы жұмыспен қарбалас болғандықтан, даладағы көлге көңіл аударар дейсіз бе...

Ал Қоянды төңірегіндегі жердің көбі жекеменшікке, дәлірек айтсақ, арқасын Астанаға сүйеп, аяғы ауылға қарай көсілген дөкейлердің меншігіне өтіп кеткен. Сосын да ауыл тұрғындары мал бағатын, үй салатын жер таппай қиналып отыр. Әкімдіктің дерегіне, қазір Қоянды ауылынан жер теліміне өтініш берген 10 мыңға жуық адам кезекте тұр.

«Ауылдың инфрақұрылымы кеңейтілмей, әзірге ешкімге жер телімі берілмейді. Оның үстіне, ауылдың көлемі ұлғайып, құрылысы жайылып кете берсе, бұл артық шығын болады, ал оған инфрақұрылым жеткізу оңай шаруа емес. Қазірдің өзінде біраз отбасыға жеке отбасылар арқылы электр жарығы жеткізіліп отыр. Яғни бұрынғы мәселе шешім тауып болғанша, жаңа мәселе жамала береді. Сондықтан ауылға көпқабатты тұрғын үйлер салу керек. Құрылыс салатын компаниялар Астананы тарылтып, бірінің үстіне бірін мінгестіріп ғимарат сала бергенше, біздің ауылдан да салса дұрыс болар еді» дейді әкім Бақытхан Солтанбай.

Қоянды ауылында туризмді дамытуға үлкен мүмкіндік бар. Бір шеті қаламен, екінші жағы даламен ұштасып жатқан ауылда сүт, май, құрт сияқты мал өнімдерін, әсіресе тірі мал сататын үлкен мал базары ашылса, Астананы етпен қамтамасыз ету ісіне үлкен серпін берер еді. Одан да маңыздысы, Қоянды этноауыл ашып, қазақтың қыз қуу, көкпар, аударыспақ сияқты ат ойындарын көрсетіп, киз үй тігіп, қазақ мәдениетін дәріптесек, елордаға келген қонақтар Қояндыға ат басын бұрмай кетпес еді.


«Этноауыл құруға біздің ауылдың мүмкіндігі зор. Қазір арман бар, дәрмен жоқ боп, қаржы мәселесі қол байлап отыр. Мұны республикалық деңгейде ойластыру керек деп санаймын» дейді әкім.

ЖАЛҒЫЗ АВТОБУС
ЖАРЫТПАЙДЫ

Қояндыны қаламен жалғап тұрған жалғыз автобус (№307) бар. Бұл қоғамдық көлік Қояндыдан шығып, айдаладағы «Алай» базарына дейін ғана барады. Астана қаласының ішіне толық қатынайтын бірде-бір автобус маршруты жоқ.

“

Қоянды ауылынан күніне 20 мыңнан астам адам Астанаға барып жұмыс істейді. Сонымен қатар, қалада оқитын студенттер мен оқушылар да аз емес. Олар №307 автобуспен барып, орталық базардан автобус ауыстыруға мәжбүр. Автопарктерге бұл мәселе айтылды, қоғамдық көліктің маршрутын өзгертуді сұрадық. Тым құрыса №307 автобустың соңғы аялдамасы «Әлем», «Шапағат» базары болса, халыққа өте қолайлы болар еді. Алайда бұл мәселе бүгінге дейін шешімін таппай келеді



Қоянды астанаға тиіп тұрғанмен, оның көріз жүйесі де Астанаға қосылмаған, қоқысты да қала шетіндегі қоқыс өңдеу зауытына апара алмайды. Бұл, айналып келгенде, Астананы ластайды. Тым құрыса ауылдың көріз жүйесі қалаға тікелей жалғануы керек еді. Қаланың болашақ дамуына қатысты бұл мәселені қала басшылары да ойласуы керек деп санаймыз.

ЭТНОАУЫЛ АШЫЛСА...

Қоянды көлі – астаналықтардың жазда ең көп баратын қала іргесіндегі демалыс орнының бірі. Осы көлдің бойын ретке келтіріп, жазда шомылатын жағажай жасап қойса, жұрттың көбі демалыс күнін сонда өткізетін

– Қоянды ауылынан күніне 20 мыңнан астам адам Астанаға барып жұмыс істейді. Сонымен қатар, қалада оқитын студенттер мен оқушылар да аз емес. Олар №307 автобуспен барып, орталық базардан автобус ауыстыруға мәжбүр. Автопарктерге бұл мәселе айтылды, қоғамдық көліктің маршрутын өзгертуді сұрадық. Тым құрыса №307 автобустың соңғы аялдамасы «Әлем», «Шапағат» базары болса, халыққа өте қолайлы болар еді. Алайда бұл мәселе бүгінге дейін шешімін таппай келеді, – деп ауыл әкімі де кейістік білдірді. Ал қаланың автопарктері «қаланың қоғамдық көлік тапшылығын шеше алмай отырғанда, Қояндыны қоя тұр» деген сыңай танытты.

Сұлтан СЕЙІТ



Райхан
РАХМЕТОВА

АЖЫРАСУДЫҢ БЕЛЕҢ АЛУЫ – ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚҰЛДЫРАУЫ

Әрине, отбасындағы зорлық-зомбылық пен ұрыс-керіс шаршатып, баланың көз алдында үлгілі отбасының емес, көңілге қаяу салатын жұптың үлгісін көрсеткенше, ажырасқанды жөн көретіндер де бар. Алайда өмір сүру жеңілдеген сайын сәл болмашы қиындыққа төзбей екі жаққа кетіп, мемлекеттен кейінгі кіші отанын сақтай алмайтындар көбейгені де рас. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес, соттың некені бұзу туралы шешімдерін есепке алмағанда, АХАТ органдарының деректері бойынша былтыр елімізде 128,5 мың жұп отау тіксе, 17,7 мың жұп ажырасқан. Бұл 2021 жылғы деңгейден 8,1 пайыз төмен екен, бірақ бәрібір қуанатын жайт емес. Елімізде ең көп неке 2013 жылы тіркеліпті, 168447 жұп. Соңғы 10 жыл ішінде бұл рекорд жаңармаған. Керісінше, ажырасқандар көп. Оған материалдық жағдай, ене мен келін мәселесі, отбасындағы буллинг, қызғаныш, нәпсіқұмарлық және тағы да басқа жағдайлар себеп болған.

БІРІНШІ ЗАРДАП ШЕГЕТІН – БАЛА

Ашық дереккөздерге сүйенсек, елімізде әр үшінші неке ажырасумен аяқталады. Ажырасу бойынша 2021 жылы Алматы қаласы 5281 жайтпен көш бастады. Одан кейінгі орындарда 4717 дерекпен Қарағанды облысы мен 4296 жағдаймен Астана қаласы тұрған.

Ал қалалық сот берген мәліметтерге сәйкес, елордада 2022 жылы ажырасуға барлығы 8667 арыз түскен, соның ішінде ажырасқандар саны – 3647, татуласқандар – 2500 отбасы. Ал 2021 жылы барлығы 8080 арыз түскен, оның 3187-сі бойынша азаматтар ажырасып, 1500 отбасы татуласқан.

Астана қаласы бойынша балалар құқығын қорғау жөніндегі өңірлік уәкіл Әсима Биендинаның айтуынша, ажырасу процесінен әсіресе балалар қатты зардап шегеді. Мектепте де ең қиын балалар солар болады. Себебі бір-бірімен сыйыспаған әке-шешесі мүлкті ғана емес, баланы бөлуде де ымыраға келе алмай, екі ортада содан балалар қиналады.

– Ажырасып жатқан жұптардың балаларды бөлісе алмайтыны – өзекті мәселе. Соның кесірінен балалар күйзеліске түседі. Олар не істерін білмейді. Оларға әке де, шеше де керек. Ал ата-анасы бірге тұра алмаймыз дейді. Сот оларға бекітіп берген кездесу кестесін де дұрыс сақтамайтындар бар. Сондықтан балалар түрлі психологиялық қиындыққа ұшырайды. Оларды көргенде жүрегіміз ауырады. Ата-ана ажырасып кетсе де, ортақ баласы үшін бір-бірімен адамдық қатынасын сақтап қалуы керек. Мектеп психологтары ата-анамен отбасы қарым-қатынасы бойынша жұмысты жиі жүргізуі қажет.

Ләйла ЗИНАШЕВА, Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының судьясы:

– Ажырасудың негізгі себептері – мінездің үйлеспеуі,



Бүгінде елімізде отбасын сақтай алмай, ажырасатындар қатарының артқаны алаңдатады. Адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуының алғашқы және аса маңызды кезеңі отбасында өтеді. Алайда қазіргі таңда көптеген қазақ отбасылары бірлескен өмірдің бас тапқы кезінде болатын уақытша қиындықтарға төзбей, шаңырағын шайқалтуда. Әсіресе некелескеннен кейін тым қысқа уақытта айырылысатындар көбейіп, әке мен шешенің тәрбиесін тең көріп өспейтін балалар саны артты. Ұрпағын толыққанды отбасында өсу құқығынан айыратын ата-аналар оларды бүкіл болашағына әсер ететін құндылықтардан да ада етуде.



ерлі-зайыптының біреуінің ішкіміне салынуы, зинақорлық, үшінші жақтың араласуы, жұбайының немесе зайыбының жұмыс істегісі келмеуі, қол көтеру. Сонымен қатар, ажырасу факторларына, әрине, материалдық жағдай мен идеологияның жоғы да жатады. Некені бұзу мәселесін көтерген ерлі-зайыптының жасы, негізінен, 18-ден 50 жасқа дейінгі аралықты құрайды. Әсіресе 20-38 жас аралығындағы адамдардың некесі жиі бұзылады. Некені бұзуға көбіне әйелдер қауымы көп жүгінеді. Менің тәжірибемде ажырасқан ең қысқа неке уақыты 1 жыл болды. Әдетте, мұндай жағдай жас жұбайлар мерзімсіз жүктілікті жоспарлап, үйленуге асығыс шешім қабылдағанда орын алып жатады. Психологтар кеңесінің, жүргізетін терапияларының арқасында некесі сақталып қалатындар да жеткілікті. Алайда отбасында ерлі-зайыптының біреуінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін тұрмыстық зорлық-зомбылық болған кезде, тараптарға татуласуға мерзім берілмейді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанына психологиялық көмек беріліп, олар арнайы дағдарыс орталығына жіберіледі. Мұндай жағдай көбіне әйел азаматшалардың арасында жиі кездеседі, бұл, әрине, өте өкінішті.

ӘЙЕЛ ДАМУЫНА ЕРЛЕР ІЛЕСЕ АЛМАЙ ОТЫР

Бүгінде қоғамның қай саласында да әйелдер тым белсенді болып алды. Олар заманмен бірге тез дамып кетті. Түрлі істі меңгеріп, өмірге құлшынысы күшейді. Әйел өзін бағалауды үйренді. Сондықтан баламен ғана үйде отыратын бұрынғы кенбіс әйел жоқ. Әрі олар еркектен көп табатын болды. Ал бұл жылдамдыққа ер адамдар ілесе алмай келеді. Соған қарамастан, отбасын қалай да сақтау үшін ерін жетелеп, оның да өсуін талап ететін әйел ажырасуға жол бермейді. Алайда жетекке көнбек түгілі, қызғанышы басым, жауапкершілігі төмен, жарының

өсуін теріс пиғылға ұластыратын, түбі зорлық-зомбылық көрсетуге дейін баратын ерден әйел ақыры кетіп тынады. Қазіргі қоғамдағы ажырасудың тағы бір себебі – осы.

– Ер адамдарда жауапкершілік жоқ. Оларға бәрі оңай секілді. Өзі құрған отбасын өздері жауап бере алмайды. Әйелдің тағдыры онсыз да сынаққа толы. Екі жаққа кетпеуге, негізінен, ер адам жауапты болуы тиіс. Ата-анасы ер балаға дұрыс тәрбие бермейді немесе әкесіз не шешесіз өседі. Үйленіп, бала тудырады да, қыдырып кетеді, – дейді елорда тұрғыны Гүлдана Арманқызы.

Ал кей адамдар отбасын сақтауда әйелдің үлесі басым дейді. Қазір тікелей әйел өткізетін психологтардың көбі: «Отбасында ерте қарағанда әйелдің күшейісі, әйелдің көп тапқаны жақсы емес, ондай жағдайда әйел тәкаппарланбай, өзін басып отыруы керек. Мұны күйеуінің бетіне басу арқылы олар ұрыс-жанжалды көбейтіп, отбасына келетін берекені кемітеді. Қандай ақша тапса да, ер адамның тапқаны берекелі болады. Жалпы әйел «мен білемдікке» салынып, түздегі жұмысы көбейгенде, энергиясы отбасына емес, сыртқа кеткенде, ердің күші кемиді. Кейбір ер адамдарға бұл тіпті ұнайды, олар жауапкершілік өзінен азайған соң әйелге сеніп, алға аса ұмтылмайтын болады, тіпті кейбірі масыл болып алады, бұл психологияда дәлелденген» деп айтады. Демек, әйелдің тәрбиесі көп жағдайда отбасын сақтауға әсер етеді. Себебі ақылды әйел қандай болса да күйеуін алға шығарып, оның

айырыын асыруды ойлайды.

Бүгінде бой жете бастағаннан некенің қасиетін ұғындырып, бір түскен жеріне тастай батуды айтып, қызының құлағына құятын ата-ана да азайды. Ері ренжігіп төркінге келсе, «Ішіме сыйған бала сыртыма да сыяды» деп қызын отбасына қосудың орнына қасында қалдыруға тырысады. Отбасында анасының қиындық көруі, жәбірленуі соны көріп өскен қыздың да өмірге, болашақ шеккенін көрген қыздар тұрмыс құрғанда анасы барған құрбандыққа баруды жөн санамайды. Отбасы деген қасиетті ұғым олар үшін төмен бағаланады. Одан бөлек, ғаламтордағы түрлі ақпарат ағыны, адам санасын сан-саққа жүгіретін бағыттардың көптігі де өз әсерін тигізбей қоймайды.

– Қазір қазақшылық азайып барады. Бұл – интернеттің, Батыс мәдениетінің әсері. Ұрыс-керіс бір жақтан ғана болмайды. Қыздың да, ердің де тәрбиесі дұрыс болмай тұр. Оның үстіне, қазір жалғызбасты ананы қолдаймыз деп оларды күшейтіп алдық. Бір баланы туып алады да, күйеуін қорқытып шыға келеді, бұл жағын да ескеру керек, – дейді елордалық Гүлнұр Өтеулиева.

ОТБАСЫН ҚАЛАЙ САҚТАЙМЫЗ?

Елордада сотқа ажырасуға арыз бергенде, сот татуласу мерзімін ұсынады, оның барысында тараптар психологтың көмегін алады. Бұл кезеңде медиатор қосылады, олар алимент және отбасының басқа мәселелерін шешумен айналысады. Егер ерлі-зайыптылар татуласса, онда отбасының басқа мәселелерін шешумен айналысады. Егер ерлі-зайыптылар татуласпа, онда бір ай ішінде заңды күшіне енетін сот шешімі шығады.

Елімізде Жоғарғы сот 2018 жылдан бастап «Отбасылық сот» қанатқақты жобасын іске қосты. Жобада тек отбасы-неке ісін қарайтын жеке судьялар белгіленген. Егер бұрын сот отбасын өз қалауы бойынша жай ғана ажырастырған болса, бүгінде татуластырушы судья тараптарды отбасы қатынасын сақтауға бағыттайды, дауды арқыл шешу үшін жан-жақты шаралар қабылдайды, бірінші кезекке кемелетке толмаған балалардың мүддесін қояды. Нәтижесінде ерлі-зайыптылар өз өмірін жақсартуға және отбасын сақтап қалуға немесе ажырасқаннан кейін жақсы қарым-қатынаста болуға және балалардың мүддесі үшін өзара араласып тұруға мүмкіндік алады. Әрбір іс бойынша отбасы сала мамандарымен, яғни психологтармен және медиаторлармен жұмыс істейді. Психологтар отбасы терапиясын өткізе отырып, қарым-қатынастағы дағдарысты жеңуге көмектеседі, медиатор мүлкті бөлу, балалардың тұрғылықты жерін анықтау және т.б. мәселелерді шешеді. Яғни бұл жобадан судья осы мамандармен

байланысты отбасының барлық мәселесін шешеді.

Астанада отбасы тәрбиесіне, жалпы, отбасы институтының нығайтуына мемлекеттік деңгейде көп көңіл бөлінуде. Осы ретте Астана қаласының әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның рөлі зор. Негізгі міндеті – жергілікті атқарушы органдар және азаматтық қоғам институттарымен бірге отбасы мүддесін қорғау. Комиссия мүшелері тұрақты түрде азаматтарды қабылдап, қаладағы отбасылық орталықтарға барып тұрады. Мәселен, отбасы құндылықтарын жастар арасында нығайту және отбасында зорлық-зомбылықтың алдын алу тақырыптарында арнайы тренингтер өткізеді. Қиын жағдайға ұшыраған әйелдермен, жастармен тілдесіп, олардың мәселесінің шешілуіне атсалысады.

Назгүл МАҚЖАН, Астана қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшесі:

– Ажырасудың себебі көп, өркімнің мәселесі әр түрлі, сан алуан тағдыр иесі бар. Әрине, заманауи қоғамда әйелдердің құқығы көтеріліп келеді. Алайда біз отбасы құндылықтарын бірінші орынға қоюмыз керек. Ата-баба дәстүрін жалғастырып, отбасының ұйытқысын сақтау маңызды насихаттауымыз қажет. Осы ретте комиссияда салт-дәстүрлі негізге алған «Ұлттық құндылықтар» атты арнайы жұмыс тобы құрылған. Жастарды қоғамда әлеуметтендіріп, отбасы өміріне дайындау қажет. Бұл ретте азаматтық қоғам институттары, жоғары оқу орындары және қоғам белсенділері бірігуі керек. Сонымен қатар, отбасы қатынасының аспектілері бойынша психологиялық көмекті күшейткен жөн.

Соңғы он жылда ажырасқандар саны жағынан 3 өңір көш басында болған, олар – Алматы, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстары. Ал Атырау, Маңғыстау, Қызылордада басқа өңірлерге қарағанда ажырасу азырақ. Демек, отбасын сақтауда қазақты тәрбиенің маңызы зор. Сондықтан оқу орындарында арнайы пәндер енгізіп, ұлттық тәрбиені жүйелі, оңтайлы сіңірудің жолын қарастыру керек. Балаға мектептен де, үйден де тәрбие жұмысы көп жүргізілуі қажет. Ұлттық тәрбиемен қатар, жаңа заманға сай бейімделіп, жұптар отбасын сақтау үшін бірдей дамып, бірдей алға ұмтылу керек. Әйел, ер демеі, бір-бірінің дамуына, жеке көзқарасы мен сезіміне құрметпен қарауды үйренсе, кедергі келтірмей, қарым-қатынастағы дағдарысты жеңуге көмектеседі, медиатор мүлкті бөлу, балалардың тұрғылықты жерін анықтау және т.б. мәселелерді шешеді. Яғни бұл жобадан судья осы мамандармен



ЕСКЕ АЛУ



Асқар тауымыз, ардақты әкеміз – Тілеу-қабыл Тасымұлы Қишыбаев көзі тірі болғанда 13 наурызда 80 жасқа толар еді. Жаратқанның жазуы болар, жан әкеміздің ортамыздан мәңгілікке кеткеніне аттай 40 жыл өтіпті. Арада осыншама уақыт өтсе де, сенің жарқын бейнең, күлімсіреген жанарың жадымыздан ешқашан өшкен емес. Әр жыл сайын келетін туған күнінде сағына еске алып, рухыңа құран бағыштаймыз. Жаның жәннатта, тәңің рахатта болсын, жан әкешім! Өзіңе деген өшпейтін сағынышымызды мына жыр жолдарымен жеткізіміз келеді.

Жан әкешім, асқар тауым, тұғырым,
Жүрегімде алаулады-ау тұңғығың.
Он бір жаста қапы қалдым өзіңнен,
Жетпей жатып желкеме де бұрымым.

Қырық жылым өтті елес боп өзіңсіз,
Сексен жасқа биыл келер едіңіз.
Жаратқанның хаты солай болған-ау,
Иман-байлық жұмақтан ғұл көріңіз!

Еске алушылар:
қызы Шолпан, жұбайы Айтбану,
балалары және туған-туыстары

Астана қаласының әкімдігі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Астана ақшамы» газетінің бас редакторы Еркін Қыдырға әкесі – Түркістан облысындағы Отырар ауданының Құрметті азаматы, өңір экономикасының дамуына елеулі үлес қосқан ардагер, өлкетанушы-зерттеуші

Сағындық ҚЫДЫРҰЛЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Elorda Aqparat» ЖШС ұжымы «Астана ақшамы» газетінің бас редакторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі қалагер әріптесіміз Еркін Қыдырға асқар таудай әкесі Сағындық ҚЫДЫРҰЛЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

АСТАНА ТЕАТРАРЫНДА – АНШЛАГ

Астана – елдің орталығы ғана емес, мәдениеттің, көркем туындылардың, жыр жауһары мен әдемі ән-күй кештерінің, әлемдік, ұлттық классикалық дүниелердің ортасы, биік өнердің ордасы. Осы демалыс күндері мәдениеттің ақсарайы атанған театрларда елордалықтар мен қала қонақтары таңғажайып премьераларға куә болды.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

«...АДАСҚАН ҰЛЫНДЫ ЖАЗҒЫРА КӨРМЕ, ЖАРАТҚАН!»

Қазақ театр өнерінде жаңашылдықпен, жаңа қырымен көрінген Жастар театрында Нариман Төребаев пен Ермек Аманшаевтың «Адасқан ұлынды жазғыра көрме, Жаратқан!» драмасының премьерасы өтті. Драма тіршіліктің тауқыметінен ерте есейген ұлдың тағдыры жайлы сыр шертеді. Өке мен бала арасындағы көзге көрінбес нәзік байланыс турасында ой толғайды. Жалғанның бір сәттік қызығына мастанып, перзентінің тәрбиесіне араласпаған әкені сергелденге салып, тұңғыыққа батырған қандай мұн? Оның ата тегін буынынан балта шауып үздірмей, үрім-бұтағын болашаққа бастайтын соңғы үміті ақтала ма?

Қойлымның қоюшы режиссері – ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрқанат Жақыпбай.

– Бұл туынды ерекше, себебі оны еліміздің үлкен, ойшыл азаматы Ермек Аманшаев жазды. Әуелі повесін оқыдым, қатты әсер етті. Өзгелерден бөлек драматургияны көңілге түйдім. Төрт-бес жылдан соң, қазіргі жаңа драматургия стилімен, көп сөзден гөрі іс-әрекеті арқылы айтар ойын білдіретін қойлымға осы повесті сахналауды мақсат еттік. Жастарға, ата-аналарға үлкен

ой салатын, халқымызға керек шығарма деген оймен театр сахнасында көрсетуге тырыстық. Премьераның алғашқы күнінде де залда ине шаншар орын қалмады, келушілер көп болды. Басты идеясы – өке мен баланың арасындағы байланыс, тәрбие сөз болады. Жұмыс, карьера қуып жүріп, баласының тәрбиесіне араласпаған әкені орны толмас өкініші, қайғысы, қоғамдағы келеңсіздікті көрсететін әлеуметтік мәселе көрсетілді, – деді режиссер Нұрқанат Жақыпбай өз сөзінде.

– Шығарма басында повесть болып жарыққа шықты, сосын Жастар театрымен, еліміздің ең беделді, белді режиссерлерінің бірі – Нұрқанат Жақыпбаевпен бірлесіп, әлеуметтік драма жанрында бір дүние жасауды қолға алдық, – дейді туынды авторы, драматург, сыншы, прозашы, режиссер, продюсер, сценарист Ермек Аманшаев.

– Әрине, авторлар үшін шығарманың қалай шығатыны өте маңызды. Егер де драматургиялық шығарманың сахналық шешімі болмаса, онда спектакль шықпайды. Жақыпбайдың өзіндік қалыптасқан стилі, өрнегі бар. Театр ізденісінің арқасында повесть өзіндік ерекшелігімен сахнаға шықты, үнемді, шағын ғана шектеулі кеңістікте сахналық шешімдер арқылы көрерменге жол тартты. Әрбір кейіпкердің өз ойын айтуына, оны көрсетуіне мүмкіндік болған айрықша туынды ретінде қабылдауға болады, – деді шығарма авторы Е.Аманшаев.



«ҚЫЗ ЖИЫРМАҒА ТОЛҒАНДА»

«Махаббаттың формуласы қандай? Ғажап сезімнің құдіретін танып білдім, қыр-сырына қанықпын деп әркім айта ала ма? Дүниедегінің бәрінің де сынары бар. Әуелегі аққу да екеу болып ұшады. Даладағы киік те екеу болып жүреді. Тіпті жер астынан қылтиған көк те екі бүршік болып шығады. Бес күн жалғанда екеу боп, бірін ренжісең, екіншің жұбатып, бірің күлсең, екіншің қуанып, бірің әке болсаң, екіншің шеше болып, үл өсіріп, қыз өсіріп, отан болып отырудан артық қандай бақыт бар?! Қандай сүйіспеншілік бар?! Соның бәрін біле тұра, неліктен біз ғұмырымызды көңіл түкпіріндегі идеялымызды күтуге арнаймыз?!». Бұл диалог жазушы Сұлтанәлі Балғабаев жазған пьеса бойынша Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрында қойылған «Қыз жиырмаға толғанда» премьерасында айтылды.

Осыдан 40 жыл бұрын, 1983 жылы жазушы Сұлтанәлі Балғабаев жазған пьеса бойынша қойылымның премьерасына демалыста балаларымен барып қайттым. Билеттер алдын ала сатылып кеткен. Аншлағ болды. Режиссері – Дәурен Серғазин, қоюшы суретші – Қанат Мақсұтов, киім үлгісінің суретшісі – Алма Сырбаева.

Жібек есімді кейіпкердің 20 жасқа толған туған күн кешінде болған оқиғалар негізінде өрбиген спектакльді Алматыда студент кезімізде, осыдан 33 жыл бұрын 19 жасымда Алматыдағы Ғабит Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында пьеса бойынша қойылымға барғаным есіме түсті, бүгін тағы бір жастық шаққа саяхат жасағандай болдық.

Туындыда ұлы сезім – махаббат мәселесі қозғалады. Қала мен ауылдағы сезім турасындағы қайшылықты ойлары, түсініспеушіліктер басты қақтығыс тудырады. Үлкен буын мен жастардың махаббатқа қатысты қарым-қатынасы, отбасындағы тұтастық терең зерделенді.



Риясыз көңіл мен қызғаныш, шындық пен жалған, адалдық пен арамдық арпалысқа түскен «Қыз жиырмаға толғанда» мелодрамасында шынайы махаббат әспеттеліп, әділдік салтанат құрады.

Ғайни рөлін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Алтынай Нөгербек сомдаса, Жібекті жас актриса Бегімнұр Қалила орындады. Ғайыпберген рөлін «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Әбілмансұр Серіков ерекше ойнаса, Гаухар образын Арай Омарова сомдап шықты. Есім-сейітті «Серпер» сыйлығының лауреаты Олжас Жақыпбек көңілге қонымды жеткізсе, Тәукен «Серпер» сыйлығының лауреаты Жанат Оспановтың орындауында көрінді.

– Бұрындары сахналанған шығарманың өн бойына заманауи үн, әуен қосып, бестен бірін өзгертіп, жаңашылдықпен театр сахнасына алып шықтық, – дейді қойылымның режиссері Дәурен Серғазин.

Әбілмансұр Серіков – жастар арасында өте танымал актердің бірі. Одан өзі сомдаған кейіпкері туралы сұрағанымызда, қызықты пікірлер келтірді.

– Ғайыпберген – қалада оқитын, махаббатқа, сезімге жеңілдеу қарайтын жас жігіт. Қалада қыз-бозбала көп, неше түрлі сезім, неше түрлі сатқындық та болып жатады. Қойылымда ауыл баласының сенгіштігі, қаладағы жігіттің әккі, қулығы – бәрі таразы басына түседі. Мінезі жеңіл болса да, махаббатқа адал болмаса да, ол Жібекке шын ғашық, сезімі шынайы – соны көрсетуге, көрерменге жеткізуге тырыстым. Кейіпкердің өзін

ақтап алар шындығы бар, өз таным-түсінігі өзіне дұрыс. Ал Жібек – нәзік болғанмен, бір сөзінде тұратын, жалғандыққа жаны қас жан. Ғайыпберген қанша ғашық болса да екеуі қосылмайды, себебі таңдаған жолы әртүрлі, табиғаты басқа. Оншақты жылдан бері әріптестеріммен бірге түрлі қойылымда ойнап жүргендіктен, бірлесе жұмыс істеу бізге аса қиындық туғызбағанын айтып өткім келеді. Мелодрама жанрында алғаш рет ойнадым. Драматургияның бұл жанры өзгеше, оңай емес екенін жұмыс барысында байқадым.

Негізі, спектакльді қоюға идея тастаған мен. Себебі өзім осы қойылымды көріп өстім, анам – Жібектің рөлін сомдаған жан. Театрымызда мелодрама жанры жоқ, сондықтан соны қосайық деген ой келді. Мелодрама – адамның табиғатына жақын дүние, сол себепті де жүректен шыққан дүние жүрекке жетеді. Өнердің құдіреті де сол.

– Осыдан қырық жыл бұрын жазылған дүние қайтадан сахна төрінде жарқ ете қалғанда қобалжығаным бар. Ол кезде жас болғандар қазір алпысқа келіп қалды, ол кездегі нәрсені бүгінгі жас қалай қабылдайды деген сұрақтар мазалағаны рас, – деді пьеса авторы, жазушы Сұлтанәлі Балғабаев премьерадан соң сахнаға шыққан сәтінде.

Жазушы спектакльді қойған режиссер мен актерлік құрамға, қолдаған ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне алғысын жеткізді. Кеш соңында министрлік атынан шығармашылық топқа ықылас гүлі әкелінді, зал толы көрермен ыстық ықыласын ду қол шапалақпен жеткізді.

СПОРТ

ЕЛОРДА ҚҰРАМАСЫ АНЫҚТАЛДЫ



Балалар, жасөспірімдер мен жастар арасында грэпплинг AIGA-дан Астана қаласының чемпионаты өтті.

Жарысқа елордалық 17 клубтан келген 220 спортшы қатысып, бақ сынады. Олимпиадалық емес спорт түрлері дирекция құрама командасы үшін чемпионат сәтті өтті. Олардың қоржынында – 2 алтын, 2 күміс, 2 қола. Сонымен қатар үздік деп танылған спортшыларға арнайы кубоктар табысталды.

– Астана қаласының чемпионаты жоғары деңгейде өтті. Қала клубтарынан 200-ден астам спортшы қатысты. Жарыста жоғары нәтижеге қол жеткізген спортшылар алдағы уақытта өтетін ел чемпионатына тікелей жолдама алды, – деді Астана қаласының аға жаттықтырушысы Мұхаммед Нұркин.

Жарыс қорытындысы бойынша астаналық Нұрсұлтан Мендыбаев 65 келі салмақта, Александр Назаренко 100 келіде қарсыласынан айласын асырып, бірінші орын алды. Мұса Нұридинұлы (70 келі) мен Александр Назаренко (83 келі) екінші орын, Бекзат Сахиев (65 келі) пен Әбду-Әли Абдуқадыр (76 келі) үшінші орын алды.

Турнирде үздік өнер көрсеткендер арасында Александр Назаренко «Үздік жекпе-жек көрсеткені үшін», Нұрсұлтан Мендыбаев «Үздік әдіс үшін», Бекзат Сахиев «Үздік жекпе-жек көрсеткені үшін», Мұса Нұридинұлы «Жеңіске деген ерік-жігері үшін» аталымы бойынша марапатталды.



ТЕННИСШІЛЕР ТАРТУЫ

18-19 наурыз күндері «Spring Open» әуесқойлар арасындағы теннистен қайырымдылық турнирі бесінші рет өткізіледі.

Астана қаласы әкімдігі мен Қазақстан теннис федерациясының ұйытқы болуымен өтетін қайырымдылық турниріне бірнеше елден 100-ден астам әуесқой теннисші қатысады.

Ондағы мақсат – инклюзивті спорт жаттығуы жобасын дамыту, ерекше балаларды тенниске тарту, теннистен әуесқой спортшылардың шеберлігін шыңдау.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қағталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №30

Баспаханасы: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8, 5-кеңсе «КОМЕК ИНВ» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС